



ЭСТ
аудит

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ
ОРТАЛЫҒЫ»**

**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ**

*2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын есепті кезең үшін.
тәуелсіз аудиторлардың есебімен*

МАЗМҰНЫ

Басшылықтың растауы.....	3
Аудитордың есебі.....	4-6
Қаржылық есептілік:	
Қаржылық жағдай туралы есеп.....	7
Жиынтық кіріс туралы есеп.....	8
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	9
Ақша қозғалысы туралы есеп.....	10
Қаржылық есептілікке ескертпелер	11-33

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

**БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ
РАСТАУЫ**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын кезең үшін

Тәуелсіз аудиторлар есебінің 4-6 беттерінде ұсынылған аудиторлардың міндеттерінің сипаттасымен бірге қаралуы қажет төмендегі мәлімдеме «QazIndustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ-тың (бұдан әрі - "Қоғам") қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлар мен басшылықтың жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалды.

Қоғам басшылығы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметтер бойынша барлық маңызды аспектілерде Қоғамның қаржылық жағдайы, сондай-ақ қызметінің нәтижелері, ақшалай қаражаттарының қозғалысы және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ХҚЕС") сәйкес осы күнге аяқталған жыл ішінде капиталдағы өзгерістері анық көрінетін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауап береді.

Басшылық қаржылық есептілікті дайындау кезінде төмендегі үшін жауапкершілікті көтереді:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды кезекпен қолдану;
- негізделген бағалар мен есептеулерді қолдану;
- ХҚЕС талаптарын қадағалау немесе қаржылық есептілікке ескертпелерде ХҚЕС-тен барлық маңызды ауытқуларды ашу; және
- Қоғамның қаржы есептілігін, егер мұндай болжам заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, өз қызметін көз жетерлік болашақта жалғастыратындығы туралы болжамға сүйене отырып, дайындау үшін жауапкершілік көтереді.

Сондай-ақ, басшылық төмендегі үшін жауапкершілік көтереді:

- қоғамдағы ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген сәтте қоғамның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындау және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мүмкіндігін беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Қоғам активтерін қорғау үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау; және
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы қаржылық есептілікті Қоғам басшылығы 2020 жылғы 11 мамырда бекітті.

Басшылық атынан:



Г. К. Исакова
Бас бухгалтер



ЭСТ
аудит



«БЕКІТЕМІН»

«Э.С.Т. аудит» ЖАУАПкерлік директоры
Т.Ә. Жақыпова

2020 жылғы «М» Мамыр

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2011 жылғы 25 ақпанда берген
Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметті жүзеге асыруға
МФЮ-2 № 000077 мемлекеттік лицензия

ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУІ

Пікір

Біз "QazIndustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, ол Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленген 2019 жылдың 31 желтоқсанына қарағандағы қаржылық жағдай туралы есеп беруден, осы күнмен аяқталатын жиынтық кіріс туралы есеп беруден, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беруден және кезеңдегі өзіндік капиталдың өзгерулері туралы есеп беруден, және есепке алу саясатының негізгі ережелерінің қысқаша баяндамасы мен басқа да түсіндірме ескертпелерден тұрады.

Біздің пікіріміз бойынша, беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес (ХҚЕС), Қоғамның 2019 жылғы 31 желтоқсан бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнмен аяқталатын жылғы ақша қаражаттарының қозғалысын шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз әрі қарай біздің қорытындымыздың «Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде жазылған. Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлер этикасының кодексіне (БЭХСК Кодексі) сәйкес біз ұйымға қатысты тәуелсізбіз, және біз БЭХСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біздің аудиторлық дәлелдеріміз біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және тиісті болып табылады деп санаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін, қаржылық есептілік үшін жауап беретін тұлғалардың жауапкершіліктері.

Басшылыққа ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген жеке қаржылық есептіліктің әзірленуі және шынайы ұсынылуы үшін, және адал емес іс-қимылдар мен қателіктер салдарынан орын алатын елеулі бұрмалаушылықтар болмайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік жүктеледі.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде, басшылықтың ұйымды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдіруі немесе басшылықта таратудан немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір нақты балама болмауы жағдайларын қоспағанда, басшылыққа Қоғамның өз қызметін тоқтаусыз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің толассыздығына қатысты мәліметтерді ашу үшін, және қызметтің толассыздығы туралы болжамның негізінде есептілікті толтыру үшін жауапкершілік жүктеледі.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға Қоғамның қаржылық есептілікті дайындауын бақылау жауапкершілігі жүктеледі.

Аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте адал емес іс-қимылдар мен қателіктер салдарынан орын алатын елеулі бұрмалаушылықтардың жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алудан, және біздің пікірімізден тұратын аудиторлық қорытындыны шығарудан тұрады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғарғы сатысын білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықтар бар болған кезде әрдайым оларды анықтайтындығының кепілі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар адал емес іс-қимылдардың немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және олар пайдаланушылардың осы қаржылық есептіліктің негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекелеген немесе жиынтық түрде ықпал ету мүмкіндігі туралы негізделген болжам жасауға болатын болса, олар елеулі деп саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде, біз кәсіптік пікір қабылдаймыз және бүкіл аудит бойына кәсіптік скептицизмді сақтаймыз.

Бұдан басқа, біз келесілерді орындаймыз:

- адал емес іс-қимылдардың немесе қателіктердің салдарынан орын алатын қаржылық есептіліктің елеулі бұрмаланушылықтары тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекеліне қарағанда, адал емес іс-қимылдар нәтижесінде елеулі бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелі жоғары болып саналады, себебі адал емес іс-қимылдар сөз байласуды, алдауды, қасақана байқамауды, ішкі бақылау жүйесін айналып өте отырып ақпаратты немесе іс-қимылды бұрмалап жеткізуді қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз, бірақ Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес;

- қолданылатын есепке алу саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалардың негізділігі мен басшылық әзірлеген ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- басшылықтың қызметтің толассыздығы туралы болжамды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды, ал алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – олардың нәтижесінде Қоғамның өз қызметін толассыз жалғастыру қабілетіне елеулі күдік туындауы мүмкін оқиғалармен немесе жағдайлармен байланысты елеулі екіұштылықтың бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі екіұштылықтың бар болуы туралы қорытындыға келетін болсақ, онда біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептілікте ақпараттың тиісті ашылуына назар аудартуға немесе, егер ақпараттың осылай ашылуы тиісті емес болып табылатын болса, пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытындымыздың күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақтағы оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның өз қызметін толассыз жалғастыру қабілетін жоғалтуына алып келуі мүмкін;

- ақпараттың ашылуын қоса алғанда, жалпы қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізіне жатқызылатын операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы берілуін қамтамасыз ететіндей көрсететінін бағалауды жүргіземіз;

- қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін, ұйымның қаржылық ақпаратына немесе Қоғамның қызметіне жатқызылатын тиісті аудиторлық дәлелдерді жеткілікті түрде аламыз. Біз Қоғам



аудитінің басқарылуы, бақылануы және жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толық жауапты ретінде қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға, басқаларымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит процессінде анықталатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, олармен ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ, біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға өзіміздің тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етеді деп санауға болатын барлық қарым-қатынастар мен басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайда тиісті сақтандыру шаралары туралы хабардар етіп отырғанымыз жөнінде мәлімдеме ұсынамыз.

«Э.С.Т.аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2011 жылғы 25 ақпанда берген Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті жүзеге асыруға МФЮ-2 № 000077 мемлекеттік лицензия



Талайгуль Дуакыпова
Қазақстан Республикасының аудиторы
2010 жылғы 27 тамыздағы
№0000028 күәлік

2020 жылғы «*М*» Мамыр
Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Байтұрсынов көш., 85; 318-кеңсе



«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай
бойынша

	Ескертпе	31.12.2019 ж. жағдай бойынша	31.12.2018 ж. жағдай бойынша
Ақшалай қаражаттар	6	554 346	242 954
Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражаттар	7	2 479 884	-
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек		19	12 282
Қорлар	8	3 593	2 827
Салықтар бойынша алғытөлемдер	22	564	18 664
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	3 125	3 834
Қысқа мерзімді активтердің жиыны		3 041 531	280 561
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	7	5 331 028	-
Негізгі құралдар	10	54 733	24 661
Материалдық емес активтер	11	11 398	9 839
Мерзімі ұзартылған салық активтері	22	11 308	4 377
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны		5 408 467	38 877
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		8 449 998	319 438
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	12	37 093	14 274
Пайдаға салынатын салық бойынша міндеттемелер	22	1 159	-
Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақылар		539	-
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	13	49 064	27 613
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	14	176 543	29 071
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		264 398	70 958
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	7	7 810 912	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны		7 810 912	-
Акционерлік капитал	15	217 971	100 000
Бөлінбеген пайда (залал)	16	156 717	148 480
Капитал жиынтығы		374 688	248 480
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ		8 449 998	319 438

Басшылық атынан:

Б. Т. Бекенов
Басқарма Төрағасы

11 мамыр 2020 ж.

Г. К. Искакова
Бас бухгалтер

«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған
жыл үшін

	Ескертпе	2019 жыл	2018 жыл
Қызметтерді сатудан түскен кіріс	17	2 204 860	1 243 081
Қызметтерді сатудың өзіндік құны	18	(1 756 989)	(1 011 181)
Жалпы пайда		447 871	231 900
Әкімшілік шығындар	19	(407 194)	(167 665)
Қаржыландыру бойынша кірістер			7 077
Басқа операциялық кірістер	20	8 252	1 901
Басқа операциялық шығындар	21	(1 036)	(537)
Бағамдық айырмадан пайда / залал		1 427	(3 873)
Пайдаға салынатын салықты шегергенге дейінгі пайда (залал)		49 320	68 803
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	22	(11 169)	(14 963)
Кезеңдегі таза пайда (залал)		38 151	53 840
Өзге жиынтық кіріс (шығын)		-	-
оның ішінде: негізгі құралдарды қайта бағалау		-	-
Есепті кезең ішіндегі барлық жиынтық кіріс		38 151	53 840
Жай акцияның 1 данасына пайда (залал) (мың теңге)	15	0,28	0,54

Басшылық атынан:

Б. Т. Бекенов
Басқарма Төрағасы

11 мамыр 2020 ж.



Г. К. Искакова
Бас бухгалтер

«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШИНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕСЕП

2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

	2019 жыл	2018 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақшаның өзгеруі	345 085	84 538
Келіп түсті:	3 439 149	2 028 987
Қызметтерді іске асыру	2 482 237	1 405 755
Пайыздар	-	11 441
Қайта ұйымдастыру нәтижесінде келіп түсті (5 ескертпе)	72 362	-
Өзге де түсімдер	884 550	611 791
Төлемдер:	(3 094 064)	(1 944 449)
Жеткізушілерге төлемдер	(646 773)	(397 824)
Жеткізушілерге алғытөлемдер	(341)	(820)
Еңбек ақыны төлеу бойынша төлемдер	(1 047 641)	(553 613)
Бюджетке басқа да төлемдерді төлеу	(285 736)	(244 716)
Өзге де төлемдер	(1 113 573)	(747 476)
Инвестициялық қызметтен түскен ақшаның өзгеруі	(7 696)	(7 581)
Келіп түсті:	-	-
Негізгі құралдарды іске асыру	-	-
Төлемдер:	(7 696)	(7 581)
Негізгі құралдарды сатып алу	(7 696)	(7 581)
Қаржылық қызметтен түсетін ақшаның өзгеруі	(26 920)	(19 171)
Келіп түсті:	-	-
Меншік иесінің жарналары	-	-
Төлемдер:	(26 920)	(19 171)
Дивидендтерді төлеу	(26 920)	(19 171)
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	923	(2 292)
Есепті кезеңдегі ақшаның таза өзгеруі	311 392	55 494
Теңгерім бойынша жыл басындағы ақшалай қаражаттар	242 954	187 460
Теңгерім бойынша жыл соңындағы ақшалай қаражаттар	554 346	242 954
Теңгерім бойынша ақшалай қаражаттардың өзгеруі	311 392	55 494

Ескертпе: маңызды ақшалай емес операциялар туралы ақпарат 24 ескертпеде берілген

Басшылық атынан:

Б. Т. Бекенов
Басқарма Төрағасы

11 мамыр 2020 ж.



Г. К. Исакова
Бас бухгалтер

«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
01.01.2019 ж. сальдо	100 000	-	148 480	248 480
Өткен жылдардағы пайданы (залалдарды) түзету	-	-	-	-
31.12.2019 ж. қайта есептелген сальдо	100 000	-	148 480	248 480
Есепті кезеңдегі пайда (залал)	-	-	38 151	38 151
Дивидендтер жарияланды	-	-	(26 920)	(26 920)
Бизнесті біріктіруге байланысты үлестік құралдарды шығару	117 971	-	-	117 971
Өзге де операциялар пайдасына меншік иесінің (5-ескертпе)	-	-	(2 994)	(2 994)
31.12.2019 ж. сальдо	217 971	-	156 717	374 688

	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
01.01.2018 ж. сальдо	100 000	113 811	213 811
Өткен жылдардағы пайданы (залалдарды) түзету	-	-	-
31.12.2018 ж. қайта есептелген сальдо	100 000	113 811	213 811
Есепті кезеңдегі пайда (залал)	-	53 840	53 840
Акцияларды шығару	-	-	-
Таза табысты бөлу	-	(19 171)	(19 171)
31.12.2018 ж. сальдо	100 000	148 480	248 480

Басшылық атынан

Б. Т. Бөкенов
Басқарма Төрағасы

11 мамыр 2020 ж.



Г. К. Искакова
Бас бухгалтер

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Жалпы мәліметтер

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 03 маусымдағы №508 қаулысына сәйкес Қоғамның жарғылық капиталына мемлекеттің 100% қатысуымен құрылған.

Заңды мекен-жайы Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 17 ғимараты, Е блогы, 010000.

Қоғамның жалғыз акционері "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті" мемлекеттік мекемесі (Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы) болып табылады.

Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы "Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі" мемлекеттік мекемесіне тиесілі.

Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Экономика секторларын дамыту саласында, инновацияларды дамыту саласында, жергілікті қамтуды дамыту саласында ақпараттық-аналитикалық және консультациялық қызметтер көрсету;
- Уәкілетті органға индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы артықшылықты тауарлар мен қызметтердің бірыңғай картасын әзірлеу және өзектендіру бойынша, индустрияландыру картасын сүйемелдеу бойынша, инновациялық гранттар беру бойынша, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі нарықта жылжыту бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша қызметтер көрсету;
- Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға, аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну бойынша қызметтер көрсету;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы өнеркәсіптік даму саласындағы консультативтік-кеңесші органның қызметін аналитикалық және сараптамалық қамтамасыз ету бойынша, индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды басқару бойынша аумақтық кластерлерді дамыту процестерін сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету;
- Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органға сараптамалық қорытындылар және (немесе) ұсынымдар беру;
- Технологиялық болжау процесіне қатысу;
- Жергілікті қамту бойынша сараптаманы жүзеге асыру;
- Ұйымдар мен мемлекеттік органдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесін талдау;
- Экспортты жылжытуға талдау және мониторинг жүргізуге қатысу, отандық өңделген тауарлар, қызметтер экспортын жылжыту бойынша іс-шаралар өткізу;
- Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды дамыту және жылжыту бойынша қызметтер көрсету;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері

Құрылтай құжаттарына сәйкес Қоғамның басқару органдары мыналар болып табылады:

- Жоғары басқару органы - Жалғыз акционер;
- Бақылаушы орган - Директорлар кеңесі;

- Атқарушы орган – Басқарма.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Сәйкестік туралы бекіту

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ХҚЕС") сәйкес дайындалған.

Ұсынылу негізі

Қоғам бухгалтерлік есепті қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – "теңге") жүргізеді және қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасында қабылданған бухгалтерлік есептің қағидалары мен ережелеріне сәйкес жасайды, оған сәйкес ірі кәсіпкерлік субъектілері мен көпшіліктің қызығушылығын тудыратын ұйымдар қаржылық есептілікті Халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес пен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі комитет шығарған ХҚЕС сәйкес ұсынуға міндетті.

Функционалдық валюта және ұсынылу валютасы

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам өзінің жазбаларын қазақстандық теңгемен жүргізеді. Теңгенен басқа, кез келген басқа валюта шетел валютасы ретінде қарастырылады. Шетел валюталарында көрсетілген есеп беру күніндегі монетарлық активтер мен міндеттемелер бухгалтерлік балансты жасау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген айырбастау бағамы бойынша қайта есептеледі.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Осы қаржылық есептілік қоғамның үздіксіз қызмет қағидатын ұстанатыны туралы болжамға сүйене отырып, ХҚЕС-ке сәйкес дайындалды. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында активтердің іске асырылуы мен міндеттемелердің өтелуін болжайды.

Есептеу қағидаты

Осы қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес дайындалды. Есептеу қағидаты шаруашылық операцияларының нәтижелерін, сондай-ақ қоғамның шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ оның қаржылық жағдайына әсер ететін оқиғаларды, мұндай операциялар ақша төлеу (алу) уақытына қарамастан жасалған кезеңде мойындаумен қамтамасыз етіледі.

Бағалар мен болжамдарды пайдалану

ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау қоғам басшылығының активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың есептілікте келтірілген сомасына, шартты активтер мен міндеттемелердің ашылуына әсер ететін бағалаулар мен болжамдардың пайдаланылуын болжайды. Осындай бағалауға тән белгісіздік салдарынан болашақ есептік кезеңдерде көрсетілген нақты нәтижелер осы бағалардан ерекшеленетін сомаларға негізделуі мүмкін. Пайымдауларды қолданудың неғұрлым жоғары деңгейін немесе неғұрлым жоғары күрделілікті болжайтын қызмет салалары немесе болжамдар мен бағалау қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 3 ескертпеде ашылған.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле барысында міндеттемені беру кезінде төленген баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатындағы мәміле төменде жүзеге асырылатынын болжайды:

- осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған кезде, осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта.

Қоғамның негізгі немесе неғұрлым тиімді нарыққа қолжетімдігі болуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар өздерінің үздік экономикалық

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

мүдделерінде әрекет еткен жағдайда, активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын болжамды пайдалана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының экономикалық пайданы генерациялау қабілетін немесе активті ең жақсы және неғұрлым тиімді пайдалану арқылы немесе оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сату арқылы назарға алады.

Қоғам осы жайттарда орынды және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қол жетімді болатын бағалау үлгілерін пайдаланады және бұл ретте релевантты бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалану және қадағаланбайтын бастапқы деректердің пайдаланылуын барынша азайту мүмкіндігін береді.

Қаржылық есептілікте әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1 деңгей - Ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардың баға белгіленімдері (түзетілмейтін);
- 2 деңгей - Әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері;
- 3 деңгей - Әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта байқалатын болып табылмайтын бағалау модельдері.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Қоғам әрбір есепті кезеңнің соңына жіктемені қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) иерархия деңгейлері арасында оларды аудару қажеттілігін айқындайды.

Жылжымайтын мүлік объектілері және сату үшін қолда бар қаржы активтері сияқты маңызды активтерді, сондай-ақ шартты өтеу сияқты маңызды міндеттемелерді бағалау үшін сыртқы бағалаушылар қатыстырылады.

Қоғам әрбір есепті күнге Қоғамның есеп саясатына сәйкес қайта талдау немесе қайта бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелер құнының өзгерістерін талдайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсаттары үшін қоғам оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің сипаты, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн иерархиясында қолданылатын деңгей негізінде активтер мен міндеттемелерді жіктеді. Әділ құны бойынша бағаланатын немесе әділ құны қаржылық есептілікте ашылуы тиіс қаржы құралдары мен қаржылық емес активтердің әділ құны туралы ақпаратты ашу қаржылық есептілікке ескертпелерде берілген.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдарды есепке алу ХҚЕС IAS 16 "Негізгі құралдар" сәйкес жүргізіледі. Есепте бастапқы танылғаннан кейін негізгі құралдарды кейіннен бағалау жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып бастапқы құн бойынша жүзеге асырылады.

Негізгі құралдардың тозуы мынадай мерзімдерге сүйене отырып, тік сызықты әдісті пайдалана отырып есептеледі:

Машиналар мен жабдықтар	10 жасқа дейін
Көлік құралдары	10 жасқа дейін
Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтар	5 жасқа дейін
Басқа негізгі құралдар	10 жасқа дейін

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

Кейінгі шығыстар негізгі құралдар объектісінде жасалған болашақ экономикалық пайданы ұлғайтқанда ғана капиталдандырылады. Барлық өзге шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте олардың пайда болуына қарай шығыстар ретінде танылады.

Негізгі құралдар объектісін және негізгі құралдар объектісінің бастапқы танылған кез келген маңызды компонентін тану олар жұмсалғаннан кейін тоқтатылады немесе егер оларды пайдаланудан немесе жұмсаудан болашақ экономикалық пайда күтілмесе тоқтатылады. Активтің танылуын тоқтату кезінде пайда болатын пайда немесе залал (активтің жұмсалудан таза түсім және теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде есептеледі) активтің танылуын тоқтату кезінде пайда немесе залал туралы есепке енгізіледі. Негізгі құралдардың таратылу құны, пайдалы пайдалану мерзімдері мен амортизация әдістері әрбір қаржы жылының соңында талданады және қажет болған жағдайда келешекті негізде түзетіледі.

Материалдық емес активтер

Қоғам сатып алған және пайдалы қызмет ету мерзімі шектелген материалдық емес активтерді есепке алу жинақталған амортизацияны және құнсызданудан залалды шегере отырып бастапқы құн бойынша жүзеге асырылады. Материалдық емес активтер қатарына негізінен бағдарламалық жабдықтауды сатып алуға арналған шығындар және техникалық құжаттама жатады. Бағдарламалық жабдықтаудың бастапқы құны активті сатып алу үшін ұсынылған кез келген басқа қаражаттың жалпы төленген сомасы және әділ құны болып табылады. Бағдарламалық жабдықтаудың амортизациясы бүкіл көрсетілген мерзім ішінде тура сызықты әдіспен жүзеге асырылады.

Пайдалы пайдалану мерзімі белгісіз материалдық емес активтер амортизацияланбайды, ал жыл сайын немесе жекеше немесе ақшалай қаражаттарды генерациялайтын бірліктер деңгейінде құнсыздануға тестіленеді. Пайдалану мерзімі белгісіз материалдық емес активті пайдалы пайдалану мерзімі осы активті пайдалы пайдалану мерзімі белгісіз активтер санатына жатқызу қаншалықты тиімді екенін айқындау мақсатында жыл сайын қайта қаралады. Егер бұған рұқсат етілмесе болса, пайдалы пайдалану мерзімін бағалауды – белгісіз мерзімнен шектеулі мерзімге өзгерту – келешекті негізде жүзеге асырылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтату нәтижесінде пайда немесе залалдар активтің жұмсалудан таза түсімдер мен осы активтің теңгерімдік құны арасындағы айырма ретінде айқындалады және активті тануды тоқтату кезінде пайда немесе залал туралы есепте танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Активтердің құнсыздануын бағалау ХҚЕС (IAS) 36 "Активтердің құнсыздануы" сәйкес жүзеге асырылады. Қоғам әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Егер мұндай белгілер болса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеу қажет болса, қоғам активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің өтелетін құны - бұл мынадай шамалардың ең үлкені: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі ақшалай ағындарды генерациялайтын активтің немесе бөлімшенің әділ құны және активті пайдаланудан түскен құндылықтар.

Актив негізінен басқа активтер немесе активтер тобы генерациялайтын ағындардан тәуелсіз ақшалай қаражаттардың ағынын генерацияламайтын жағдайларды қоспағанда, өтелетін құн жеке актив үшін анықталады. Егер активтің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артық болса, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдаланудан түскен құндылықты бағалау кезінде болашақ ақшалай ағындар ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Іске асыруға жұмсалатын шығындарды шегергенде әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау әдістемесі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, баға белгіленімдерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады. Активтердің құнсыздануынан болған залалдар жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Қоғам әрбір есепті күнге активтің құнсыздануынан болған бұрын танылған шығындардың бұдан былай болмау немесе қысқару белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, қоғам ақшалай ағындарды генерациялайтын активтің немесе бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан

«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)

болған бұрын танылған залалдар, егер құнсызданудан болған залалды соңғы тану уақытынан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан аспайтындай болуы тиіс, сондай-ақ егер алдыңғы жылдарда құнсызданудан болған залал танылмаған жағдайда осы актив танылатын амортизацияны шегергендегі теңгерімдік құннан аспауы тиіс. Мұндай құнды қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары

Ақша кассадағы және ағымдағы банктік шоттардағы ақшаны қамтиды. Кезең ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп "тікелей әдісі" қолдана отырып ұсынылған.

Тауарлық-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар екі шаманың ең кемі бойынша есептеледі: өзіндік құны мен таза іске асыру құны. Іске асырудың таза құны - бұл өндірісті аяқтауға жұмсалған болжалды шығындарды және іске асыруға жұмсалған ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында іске асырудың болжалды бағасы.

Қорлардың нақты өзіндік құны сатып алу құнын құрайды, оған сатып алу құны, әкелу баждары және басқа да салықтар (ҚҚС-тан басқа), қайта өңдеуге жұмсалатын шығындар, сондай-ақ сауда жеңілдіктерін және артық төлемнің қайтарылуын шегергендегі қорларды сатып алуға, жеткізуге және тиісті күйге келтіруге тікелей байланысты көліктік және өзге де шығыстарды қамтитын сатып алуға жұмсалатын шығындарды білдіреді

Қаржы құралдары - Қаржы активтері

Қоғам қаржы активтерін амортизацияланған құны, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны немесе пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктейді:

- (a) қаржылық активтерді басқару үшін ұйым пайдаланатын бизнес-модельдер және
- (b) көзделген шарттармен ақша ағындарымен байланысты қаржылық активтің сипаттамалары.

Қаржы активтерін жіктеу:

Егер мынадай екі шарт орындалса, қаржы активі **амортизацияланған құны бойынша** бағаланады:

- қаржылық актив шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері берешектің негізгі сомасының есебіне ғана төлемдер және берешектің негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар болып табылатын ақша ағындарының алынуды шарттайды.

Қаржылық актив, егер мынадай екі шарт орындалса, **өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша** бағаланады:

- қаржы активі бизнес-модель шеңберінде сақталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу жолымен және қаржы активтерін сату жолымен қол жеткізіледі және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері берешектің негізгі сомасының есебіне ғана төлемдер және берешектің негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар болып табылатын ақша ағындарының алынуды шарттайды.

Қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, **пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланады.**

Қоғам қаржы активін өз қалауы бойынша бастапқы тану кезінде, егер бұл активтерді немесе міндеттемелерді бағалаудың әртүрлі базаларын пайдалану немесе оларға байланысты пайда мен залалды тану салдарынан өзгеше пайда болатын, бағалауға немесе тануға (кейде "есептік сәйкессіздік"

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

деп аталатын) тәсілдемелердің бірізділігін жою немесе айтарлықтай азайту мүмкіндігін берсе, одан әрі пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде қайта жіктеу құқығысыз жіктей алады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

ҚЕХС (IFRS) 9 талабына сәйкес Қоғам барлық борыштық бағалы қағаздар, қарыздар және сауда дебиторлық берешек бойынша 12 айлық күтілетін несиелік шығындар немесе барлық мерзім ішінде күтілетін несиелік шығындарды көрсету керек.

Қаржылық міндеттемелер

Қоғам барлық қаржылық міндеттемелерді төмендегіні қоспағанда амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ретінде жіктейді:

- пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерінің сомасы. Мұндай міндеттемелер, міндеттемелер болып табылатын туынды құралдарды қоса алғанда, кейіннен әділ құны бойынша бағаланады;
- қаржы активін беру тануды тоқтату үшін талаптарға сәйкес келмеген немесе жалғасатын қатысуды есепке алу қағидаты қолданылатын жағдайда туындайтын қаржылық міндеттемелер;
- қаржы кепілдігінің шарттары.
- нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша қарыз беру жөніндегі міндеттемелер.
- ҚЕХС (IFRS) 3 қолданылатын бизнесті біріктіру кезінде матып алушы таныған шартты өтеу. Мұндай шартты өтеу кейіннен өзгеруі пайда немесе залал құрамында танылатын әділ құн бойынша бағаланады.

Серіктестік қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде өз қалауы бойынша, егер бұл неғұрлым орынды ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ететін болса, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде кейіннен қайта жіктеу құқығысыз жіктей алады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто сома қаржылық жағдай туралы есепте ұсынылуы тиіс, осы сәтте танылған сомаларды өзара есепке алуға заңды түрде қорғалған құқығы болған кезде және нетто-негізде есеп айырысуды жүргізу ниеті болған кезде, активтерді іске асыру және сол уақытта міндеттемелерді өтеу керек.

Бағалау міндеттемелері

Егер қоғамның өткен оқиғаның нәтижесінде туындаған қолданыстағы міндеті (заңды немесе тәжірибеге негізделген) болса, бағалау міндеттемелері танылады; осы міндетті өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың кетуі ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін. Егер Қоғам мысалы, сақтандыру шарты бойынша бағалау міндеттемелерінің бір бөлігін немесе барлығын өтеуді көздесе, өтемді алу күмән туғызбайтын жағдайда, өтем жеке актив ретінде танылады. Бағалау міндеттемесіне жататын шығын өтемді шегере отырып, пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, бағалау міндеттемелері қолданбалы кезде нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт өте бағалау міндеттемесін үлғайту қаржыландыру бойынша шығындар ретінде танылады.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер қаржылық есептілікте танылмайды. Табысты іске асыру іс жүзінде мүмкін болған кезде, тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оны тану орынды болып табылады. Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте танылмайды. Егер экономикалық пайда алумен ұштасқан ресурстардың кету мүмкіндігі екіталай болып табылмаса, олар ашылады.

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

Пайдаға салынатын салықтар

Ағымдағы төленуге тиісті салық бір жыл ішінде салық салынатын пайда сомасына негізделген. Салық салынатын пайда жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген пайдадан ерекшеленеді, себебі ол салық салынатын немесе басқа жылдары шегерімге жататын табыс немесе шығыстар баптарын және бұдан басқа, салық салынбайтын және шегерімге жатпайтын баптарды есепке алмайды. Қоғамның ағымдағы салық бойынша міндеттемесі қаржылық есептілікті жасау күніне ресми немесе мәні бойынша енгізілген салық мөлшерлемелерін пайдалана отырып есептеледі.

Мерзімі ұзартылған салық қаржылық есептіліктегі активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылатын тиісті салық базасы арасындағы уақытша айырмалар бойынша танылады және міндеттемелер әдісі бойынша ескеріледі. Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері, әдетте, барлық салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты көрсетіледі, ал мерзімі ұзартылған салық активтері болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығын ескере отырып көрсетіледі, одан салық салу мақсаттары үшін қабылданатын уақытша айырмалар шегерілуі мүмкін. Мұндай салық активтері мен міндеттемелері, егер уақытша айырмалар іскерлік беделге байланысты болса немесе салық салынатын пайданың да, бухгалтерлік пайданың да мөлшеріне әсер етпейтін операция шеңберіндегі басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану салдарынан (компанияларды біріктіру жағдайларынан басқа) туындаса танылмайды.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер активтердің шығу немесе есепті күнге ресми немесе мәні бойынша енгізілген салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасына сәйкес) бойынша міндеттемелерді өтеу кезеңі ішінде қолданылуы күтілетін салық мөлшерлемелерін пайдалана отырып ескеріледі. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау қоғамның есепті күнге өз активтері мен міндеттемелерінің теңгерімдік құнын өтеуді немесе жабуды күтетін салықтық салдарларын көрсетеді.

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелері бойынша өзара есеп айырысу ағымдағы салық міндеттемелеріне қарағанда ағымдағы салық активтерін есепке алуға заңды түрде бекітілген құқылы болған және олар бір салық органы өндіріп алатын табыс салығына жататын болған кезде және қоғам өзінің салық активтерін өтеуді және нетто-негізде салық міндеттемелерін өтеуді жоспарлаған жағдайда жүргізіледі.

Ағымдағы және мерзімі ұзартылған салықтар, олар тікелей меншікті капиталға жатқызылған баптарға жататын, сондай-ақ салық тікелей меншікті капиталда танылатын жағдайлардан басқа, жиынтық кіріс туралы есепте шығыстар немесе кірістер болып танылады.

Персоналға сыйақы

Басшылыққа және басқа да негізгі басшылық құрамға олардың жоғары басқару органдарындағы жұмысқа қатысуы үшін сыйақы қоғамның штаттық кестесіне сәйкес лауазымдық жалақыдан тұрады. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қоғам жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде қызметкерлердің еңбекақысынан 10% мөлшерінде төлемдерді жүзеге асырады. Бұл сомалар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатқызылады. Зейнетақы қорларына төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталады және жиынтық кіріс туралы есепте жалақы бойынша жалпы шығыстарға енгізіледі. Қоғамның өз қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз етуге байланысты басқа міндеттемелері жоқ.

Түсімді тану

ҚЕХС (IFRS) 15 сәйкес түсім, егер қоғамның экономикалық пайда алуы ықтимал деп бағаланған жағдайда және егер түсім төлемді жүзеге асыру уақытына қарамастан сенімді бағалануы мүмкін болса, танылады. Түсім шартта айқындалған төлем шарттарын ескере отырып және салықтарды немесе баждарды шегере отырып, алынған немесе алынудағы тиісті өтемнің әділ құны бойынша бағаланады. Қоғам табыс алуды көздейтін барлық жасалған шарттар бойынша принципал ретінде әрекет етеді, себебі барлық жағдайларда шарт бойынша өзіне міндеттемелер қабылдаған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты еркін әрекет етеді және сондай-ақ қорлардың құнсыздану гәуекелі

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

мен несиелік тәуекелге ұшырайды. Сондай-ақ, түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Тауарларды сату

Тауарларды сатудан түскен түсім, әдетте, тауарды тиіп жөнелту кезінде, тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайда сатып алушыға өткен кезде танылады. Тауарларды сатудан түскен түсім қайтарулар мен өтемақыларды, сауда және жинақтаушы көтерме жеңілдіктерді шегере отырып, алынған немесе алынуы тиісті өтемнің әділ құны бойынша бағаланады.

Қызмет көрсету

Қызметтер көрсетуден түскен түсім жұмыстарды орындау сатысына сүйене отырып танылады. Жұмыстарды орындау сатысы әрбір шарт бойынша жоспарланған қызметтердің жалпы көлемінен есепті күнге орындалған қызметтердің пайызы ретінде бағаланады. Егер шарттан қаржылық нәтиже сенімді бағаланбаса, түсім өтелуі мүмкін жұмсалған шығыстар сомасының шегінде ғана танылады.

Жалға алу

2019 жылғы 01 қаңтардан бастап "Жалға алу" ХҚЕС (IFRS) 16 күшіне енді, ол жалдау туралы ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидастарын белгілейді және жалға алушылар қаржылық жалдау үшін 17 ХҚЕС (IAS) көзделген есепке алу тәртібіне ұқсас теңгерімде есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып, барлық жалдау шарттарын көрсетуді талап етеді. Стандартта жалға алушылар үшін танудан қос босатуды көздейді - құны төмен активтерді жалға алуға және қысқа мерзімді жалға алуға (яғни 12 айдан аспайтын мерзімге жалға алуға) қатысты. Қоғам 12 айдан аспайтын мерзімге орынжайларды жалдау шарттарын жасасатындықтан, осы стандарт қоғамның қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

Есепті күннен кейінгі оқиғалар

Бухгалтерлік теңгерімді жасау күніндегі қоғамның жағдайы туралы қосымша ақпарат беретін жыл аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар (түзетуші оқиғалар) қаржылық есептілікте көрсетіледі. Түзетуші оқиғалар болып табылмайтын жыл аяқталғаннан кейін орын алған оқиғалар, егер олар маңызды болмаса, ескертулерде ашылады.

Байланысты тараптармен операциялар

ХҚЕС IAS 24 "Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашуға" сәйкес Қоғам байланысты тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастардың сипатын, сондай-ақ осы операциялар туралы ақпаратты және қаржылық есептілікке осы өзара қарым-қатынастардың әлеуетті әсерін түсіну үшін қажетті өзара есеп айырысудың өтелмеген сальдосын ашады. Тараптар байланысты болып табылатыны туралы мәселені шешу кезінде тараптардың заңды нысаны ғана емес, өзара қарым-қатынасының мазмұны назарға алынады. Қоғамның байланысқан тараптары қоғамның негізгі персоналы, сондай-ақ Қоғамның жалғыз акционері болып табылады.

3. СЫНИ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау қоғам басшылығының активтер мен міндеттемелердің есептілікте келтірілген сомасына әсер ететін бағалаулар мен болжамдарды пайдалануды, қаржылық есептілік күніне шартты активтер мен міндеттемелердің ашылуын және есептілікте келтірілген активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды, сондай-ақ есепті кезең ішінде шартты активтер мен міндеттемелердің ашылуын болжайды. Ең маңызды бағалар төменде қарастырылған.

Сыни пайымдаулар қаржы құралдарын, күмәнді борыштар бойынша резервтерді, тозуды және амортизацияны, ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануын, салықтарды және шартты міндеттемелерді бағалау сияқты белгілі бір баптарды есепке алу кезінде де пайдаланылады. Есеп саясатын қолдану барысында басшылық қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға елеулі әсер еткен мынадай пайымдауларды қабылдады (төменде қаралатын бағаларға қатысты мәселелерден басқа).

**«QAZINDUSTRY» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ЭКСПОРТ ОРТАЛЫҒЫ" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(Сомалар қазақстандық мың теңгемен көрсетілген)**

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Қоғам әрбір есепті кезеңнің соңында негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін қарастырады және егер күтілетін нәтижелер алдыңғы бағалардан ерекшеленсе, өзгерістер IAS 8 "Есеп саясаты, есептік бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер және қателерге" сәйкес есептік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Активтердің құнсыздануы

Қоғам әрбір есепті күнге активтердің ықтимал құнсыздануын көрсететін кез келген белгілердің болуын бағалайды. Кез келген осындай белгі анықталған жағдайда Қоғам активтердің өтелетін құнын бағалайды, бұл активтің тұтынушылық құнының бағалануын талап етеді. Тұтыну құнын бағалау кезінде қоғам активті пайдаланудан түсетін ақшалай қаражаттардың болашақ ағындарын бағалайды.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты активтер мен міндеттемелердің сипаты тек бір немесе одан да көп болашақ оқиғалар туындаған немесе болмаған кезде ғана іске асырылатынын болжайды. Мұндай шартты активтер мен міндеттемелерді бағалау субъективті пайымдаудың және болашақ оқиғалардың нәтижелерін бағалаудың айтарлықтай үлесінің қолданылуымен тығыз байланысты.

Салық салу

Қоғам Қазақстан Республикасындағы салық салу объектісі болып табылады. Төленуге тиісті салық сомасын айқындау салық заңнамасының бірізді қолданылуына, түсіндірілуіне және орындалуына байланысты субъективті пайымдаудың мәні болып табылады. Қоғам әлеуетті қосымша салық міндеттемелерін бағалау негізінде салықтық тексерулер нәтижесінде туындауы мүмкін салықтар бойынша міндеттемелерді таниды. Егер осындай мәселелердің қорытынды нәтижесі көрсетілген сомадан ерекшеленетін болса, осы айырма табыс салығының сомасына, табыс салығынан басқа салықтарға және анықталатын кезеңде мерзімі ұзартылған салықтар бойынша резервтерге әсер етуі мүмкін.

Қоғам қаржылық есептілікте және салықтық есепке алу мақсаттары үшін дайындалған есептерде ұсынылған активтер мен міндеттемелердің ағымдағы сомалары арасындағы, уақытша және тұрақты айырмалар арасындағы жіктемеде субъективті пайымдауларды пайдаланады.

4. ЕСЕПТІ КҮНГЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ СТАНДАРТТАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Төменде шығарылған, алайда қоғамның қаржылық есептілігін шығару күніне әлі күшіне енбеген стандарттар мен түсініктемелер келтіріледі. Қоғам осы стандарттарды олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

ХҚЕС (IFRS) 17 "Сақтандыру шарттары»

